АП 15	Авиациялық қозғалтқыштарды және ұшу аппараттарын жөндеу технологиясы		+	+		70	42	28	
<b>БҰАП 00</b>	<b>Білім беру ұйымы анықтайтын пәндер*</b>					<b>48 - 457*</b>			
<b>КП 00</b>	<b>Кәсіптік практика</b>					<b>1728</b>			
КП 01	Оқу практикасы					72			
КП 02	Кәсіптік дағдыларды алудағы оқу практикасы					714			
КП 03	Өндірістік технологиялық практика					942			

АА 00	Аралық аттестаттау					216				
ҚА 00	Қорытынды аттестаттау					72				
ҚА 01	Қорытынды аттестаттау **					60				
ҚА 02 (КДДБ)	Кәсіптік даярлық деңгейін бағалау және біліктілікті беру					12				
	Міндетті оқыту жиыны:					5760				
К	Консультациялар	оқу жылына 100 сағаттан артық болмауы керек								
Ф	Факультативтік сабақтар	аптасына 4 сағаттан артық болмауы керек								
	Барлығы					6588				

Ескерту: ЖБП– Жалпы білім беретін пәндер; ЖГП– Жалпы гуманитарлық пәндер; ӘЭП - Әлеуметтік-экономикалық пәндер; ЖКП – Жалпы кәсіптік пәндер; АП – арнайы пәндер; БҰАП – жұмыс берушілердің талаптары бойынша білім беру ұйымдары анықтайтын пәндер; ӨО – өндірістік оқыту; КП – кәсіптік практика; АА – аралық аттестаттау; ҚА – қорытынды аттестаттау; КДДБ – кәсіптік даярлық деңгейін бағалау және біліктілік беру; К – консультация; Ф – факультативтік сабақтар.

ТжКБ-ның МЖМБС-на сәйкес пәндердің тізімі үлгілік оқу жоспарында орындауға міндетті болып табылады. Бақылау нысандары (курстық жұмыстардың, бақылау жұмыстарының, емтихандардың саны), пәнді оқыту тәртібі үлгі болып табылады және оқыту нысанына, мамандықтардың ерекшеліктеріне, жергілікті және басқа да жағдайларға (жайлар) қарай, о.і. жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкес өзгертілуі мүмкін.

\* Білім беру ұйымы анықтайтын пәндерге арналған сағат көлемі жалпы кәсіптік және арнайы пәндер циклдарының сағат көлемін (25% дейін) қысқарту есебінен ұлғайтылуы мүмкін.







ЖКП 05	Термодинамика және жылу техника негіздері		+	+		66	50	16		
ЖКП 06	Электронды-есептеуіш машиналарындағы техникалық тапсырмаларды шешу және моделдеу		+	+		28		28		
ЖКП 07	Өндірістік экономика		+	+		20	12	8		
ЖКП 08	Стандарттау, сертификаттау және метрология негіздері	+		+		30	30			
ЖКП 09	Еңбекті қорғау және экология негіздері	+		+		48	48			
ЖКП 10	Әуежайлар және оларды пайдалану		+	+		52	32	20		
ЖКП 11	Авиациялық қауіпсіздік		+	+		28	28			
<b>АП 00</b>	<b>Арнайы пәндер</b>					<b>498</b>	<b>300</b>	<b>198</b>		<b>1-2</b>



КП 01	О қу практик асы					144				
КП 02	Кәсіптік дағдыла рды алудағы оқу практик асы					462				
КП03	Өндіріст ік техноло гиялық практик а					546				
АА 00	Аралық аттестат тау					108				
ҚА 00	Қорыты нды аттестат тау					72				
ҚА 01	Қорыты нды аттестат тау **					60				
ҚА 02 (КДДБ)	Кәсіптік даярлық деңгейін бағалау және біліктілі кті беру					12				
	<b>Міндетт і оқыту жиыны:</b>					2880				
К	Консуль тацияла р	оқу жылына 100 сағаттан артық болмауы керек								
Ф	Факульт ативтік сабақтар	аптасына 4 сағаттан артық болмауы керек								
	<b>Барлығы</b>					3312				

Ескерту: ЖБП– Жалпы білім беретін пәндер; ЖГП– Жалпы гуманитарлық пәндер; ӘЭП - Әлеуметтік-экономикалық пәндер; ЖКП – Жалпы кәсіптік пәндер; АП – арнайы пәндер; БҰАП – жұмыс берушілердің талаптары бойынша білім беру ұйымдары анықтайтын пәндер; ӨО – өндірістік оқыту; КП – кәсіптік

практика; АА – аралық аттестаттау; ҚА – қорытынды аттестаттау; КДДБ – кәсіптік даярлық деңгейін бағалау және біліктілік беру; К – консультация; Ф – факультативтік сабақтар.

ТЖКБ-ның МЖМБС-на сәйкес пәндердің тізімі үлгілік оқу жоспарында орындауға міндетті болып табылады. Бақылау нысандары (курстық жұмыстардың, бақылау жұмыстарының, емтихандардың саны), пәнді оқыту тәртібі үлгі болып табылады және оқыту нысанына, мамандықтардың ерекшеліктеріне, жергілікті және басқа да жағдайларға (жайлар) қарай, о.і. жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкес өзгертілуі мүмкін.

\* Білім беру ұйымы анықтайтын пәндерге арналған сағат көлемі жалпы кәсіптік және арнайы пәндер циклдарының сағат көлемін (25% дейін) қысқарту есебінен ұлғайтылуы мүмкін.

\*\* Қорытынды аттестаттауға ұсынылатын нысандар: біліктілік емтиханы.

Оқу-өндірістік жабдықтар және техникалық оқыту құралдарының тізімі шамамен тиісті біліктіліктің пәндері бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұнына қарай анықталады.

Нақты оқу орнын жабдықтау үшін оқу-өндірістік жабдықтар және техникалық оқыту құралдарының тізімі жұмыс оқу бағдарламаларын есепке ала отырып, кадрлар даярланатын серіктес кәсіпорынмен бірлесіп анықталады. Бұл ретте саланың даму келешектерін есепке алғанда, IT-технологиялар, 3D-технологиялар, АКТ, қашықтықтық, модульдік, дуалдық, кредиттік оқытуды ұсынады.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2015 жылғы 15 маусымдағы  
№ 384 бұйрығына 287-қосымша

**"Әуе жол көліктерінің қозғалысын басқару және пайдалану" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу бағдарламалары**

**Ескерту. 287-қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 22.01.2016 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Пәндер циклдері және кәсіптік практика бойынша білім беретін оқу бағдарламасының мазмұны (орта буын маманы)

Циклдің (пәннің) индексі	Пәннің, практиканың атауы және негізгі бөлімдері	Қалыптасатын білімдер, іскерліктер және дағдылар	Қалыптасатын құзыреттер коды
ЖБП	Жалпы білім беретін пәндер		
ЖТП 00	Жалпы гуманитарлық пәндер		
	Кәсіптік қазақ (орыс) тілі Тілдің негізгі құрамдас бөліктерін; тіл және		

ЖГП 01	<p>сөйлеу; ауызша және жазбаша сөйлеу ерекшелігі; әдеби тіл нормалары туралы түсінік, норма түрлері; сөйлеу стильдері, әр стильдің ерекшелігі және жанры, лексика; сөйлеу барысында көркемдеуіш құралдарды пайдалану; лексикалық нормалар; лексикография; сөздіктердің негізгі типтері; фонетика; негізгі фонетикалық бірліктер; тіл мәнерінің фонетикалық құралдары; орфография; орфография принциптері; сөзжасам нормалары; морфология; қазіргі тілдегі грамматикалық категориялар және сөзді жеткізу мәнерінің амал-тәсілдері; морфологиялық нормалары; синтаксис; синтаксистің негізгі бірліктері; пунктуация; мәтін лингвистикасы.</p>	<p><b>Білімдер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ауызша және жазбаша сөйлеу ерекшелігін және мазмұнын;</li> <li>- әдеби тіл нормаларын;</li> <li>- әдеби стильдерді, әр стильдің өзіне тән ерекшелігін, жанрларын;</li> <li>- тіл білімінің негізгі бөлімдерінің мазмұнын.</li> </ul> <p><b>Іскерліктер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- әдеби нормаларға сәйкес сөйлем құру;</li> <li>- сөйлеу барысында көркемдегіш құралдарды пайдалану;</li> <li>- әр түрлі сөздіктерді пайдалану;</li> <li>- әр түрлі талдаулар жасауды өткізу (сөз және сөйлемдерді).</li> </ul>	<p>БҚ 2 БҚ 3 БҚ 6</p>
ЖГП 02	<p><b>Кәсіптік шетел тілі</b></p> <p>Кәсіптік тілдесуге қажетті мамандық бойынша лексико-грамматикалық материалды;</p> <p>Сөйлеу әрекетінің түрлері және сөйлеу нысандары (ауызша, жазбаша, монологтық, диалогтық);</p> <p>Кәсіби бағытталған мәтіндерді аудару техникасы.</p>	<p><b>Білімдер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мамандық бойынша лексикалық материалды,</li> <li>- сөйлеу әрекетінің түрлерін және сөйлеу нысандарын;</li> <li>- шетел тілінің грамматикасын;</li> </ul> <p><b>Іскерліктер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- шетел тілінде мәтіндерді оқу;</li> <li>- орыс (қазақ) тілінен шетел тіліне және керісінше аудару;</li> <li>- шетел тілінде жазбаша мәтіндер құрау;</li> <li>- монологтық және диалогтық нысанда материалдарды ауызша мазмұндау.</li> </ul>	<p>БҚ 3 БҚ 4 БҚ 6</p>
	<p><b>Дене тәрбиесі</b></p>	<p><b>Білімдер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- маман даярлаудағы дене шынықтырудың рөлі;</li> </ul>	

ЖГП 03	<p>Маман дайындау барысындағы дене тәрбиесінің рөлі; дене тәрбиесінің әлеуметтік-биологиялық және психофизиологиялық негіздері; дене және спорттық өзін-өзі жетілдіру негіздері; кәсіби-қолданбалы дене даярлығы.</p>	<p>- дене тәрбиесінің әлеуметтік-биологиялық және психофизиологиялық негіздері; -спорт ойындарының ережесі. <b>Іскерліктер:</b> -дене жаттығуларын дұрыс орындау; - спорт ойындарын ойнау .</p>	БҚ 3 БҚ 4
ЖГП 04	<b>Қазақстан тарихы</b>		
ӘЭП 00	<b>Әлеуметтік-экономикалық пәндер</b>		
ӘЭП 01	<p><b>Мәдениеттану</b> Мәдениеттану мен оның қоғам өміріндегі рөлі; мәдениетті зерттеудегі әр алуан әдістер; мәдениет және өркениет; мәдениеттің қалыптасуы; батыс еуропа мәдениеті мен оның қазіргі әлемнің дамуына әсері; африкандық мәдениеттің ерекшелігі мен бірегейлігі; расалық мәселелер; көшпенділер өркениетінің пайда болуы және оның бірегейлігі; орта ғасырдағы Қазақстанның мәдениеті; 17-19 ғасырдағы қазақтардың мәдени дәстүрлері; қазіргі таңдағы Қазақстанның мәдениеті.</p>	<p><b>Білімдер:</b> -негізгі түсініктер: конфуция, даосизм; - Үнді мәдениетінің ерекшеліктерімен оның жетістіктері; - Ислам; курайш; Мұхаммед; Құран; Алла; Мекке түсініктері: -Христиан оқуының негізгі принциптері және бағалы бағыттары; - көшпенділер өркениеті; - орта ғасырдағы казак этносының мәдениеті; - орта ғасырдағы Қазақстан мәдениетіне түрік және араб мәдениетінің әсері туралы; <b>Іскерліктер:</b> - мәдениеттану түсінігін жеңіл қолдану; - көшпенділердің рухани және материалдық ерекшелігін көрсету және оны бақылап отыру</p>	БҚ 2
	<p><b>Философия негіздері</b> Философия пәні, әлемдік философия ойларының негізгі кезеңдері; адам табиғаты және оның өмір сүрудегі мәні; адам және</p>	<p><b>Білімдер:</b> - әлемдік көзқарас типтері: - философияның тарихи типтері, философия др. Шығыс, ежелгі Греция философиясы: - орта ғасыр философиясы және қайта өркендеу дәуірі, жаңа ғасыр философиясы:</p>	

<p>ӘЭП 02</p>	<p>кұдай; адам және ғарыш; адам, қоғам, өркениет, мәдениет; жеке бостандық және адамның жауапкершілігі; адамдық тану және қызметі; ғылым және оның рөлі; адамзат алдындағы аса үлкен мәселелер</p>	<p>- қазақ ойшылдарының философиялық көзқарастары; -18-20 ғ.ғ. орыс философиясының ерекшеліктері; <b>Іскерліктер:</b> - әлемдік көзқарас құрылымдары мен типтерін ажырату; - материалдық және рухани құндылықтар, сондай-ақ олардың қоғам дамуына әсері</p>	<p>БҚ 1 БҚ 2 БҚ 3</p>
<p>ӘЭП 03</p>	<p><b>Саясаттану және әлеуметтану негіздері</b> Әлеуметтану ғылымы: қоғам әлеуметтік мәдени жүйе. Әлеуметтік бірлік; әлеуметтік және этноұлттық қатынасы. Әлеуметтік процестер: әлеуметтік институттар мен ұйымдар. Жеке адам: оның әлеуметтік рөлі мен әлеуметтік мінезі; саясаттану пәні, саяси билік және өкімшілік қатынас. Саяси жүйе. Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық процестер.</p>	<p><b>Білімдер:</b> -зандылықтар бойынша әлеуметтік тұрғыда түсінік; - әлеуметтік әрекет, әлеуметтік жікке бөліну, құрылым туралы түсінік; - жеке әлеуметтік үдеріс ерекшелігі, реттеу формалары. <b>Іскерліктер:</b> - адамзаттың әлеуметтік мәнді мәселелерін талдау; - өзінің кәсіптік өмірінде және барлық қоғамдық және жеке өмірінде әлеуметтану және саясаттану білімдерін қолдану.</p>	<p>БҚ 1 БҚ 2 БҚ 3</p>
<p>ӘЭП 04</p>	<p><b>Экономика негіздері</b> Мақсаты, негізгі түсініктер, функциялары, құбылыс, принциптері; Меншік формасы мен түрлері, меншікті басқару; жоспар түрлері, оның негізгі кезеңдері, мазмұны, стратегиялық жоспарлау; жоспарды экономикалық негіздеу әдістері мен болжамдарды әзірлеу; бизнес-жоспарлау; экономикалық талдау; халықтық тұтыну тауарлары нарығы мен</p>	<p><b>Білімдер:</b> - экономикалық теория туралы жалпы ережелер; - шетелдегі және еліміздегі экономикалық жағдайлар; - әлеуметтік және инвестициялық, қаржы-кредиттік, салықтық саясат, макро және микроэкономика негіздері. <b>Іскерліктер:</b> - өзінің кәсіби ісіне қажетті экономикалық</p>	<p>БҚ 1 БҚ 2 БҚ 3</p>

	қызметтер күйін талдау; нарықтық инфрақұрылым .	акпаратты табу және пайдалану.	
ӘЭП 05	<p><b>Құқық негіздері</b>  Құқық ұғымы, жүйесі, қайнар көзі, Қазақстан Республикасының Конституциясы – құқық жүйесінің көзі;  Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясы, жеке тұлға, құқық, құқықтық мемлекет, заңды жауапкершілік және оның түрлері, негізгі құқық салалары, Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының, сот жүйелері.</p>	<p><b>Білімдер:</b>  - адам және азаматтардың бостандығы мен құқықтары, оларды іске асыру механизмдері;  -кәсіби ісі саласында адамгершілікті-этикалық және құқықтық нормалар .  <b>Іскерліктер:</b>  - маманның кәсіби ісін реттейтін нормативті-құқықтық құжаттарды пайдалана білу.</p>	<p>БҚ 1  БҚ 2  БҚ 3</p>
<b>ЖКП 00</b>	<b>Жалпы кәсіптік пәндер</b>		
ЖКП 01	<p><b>Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу</b>  Қазақ тілі – мемлекеттік тіл.  Қазақ іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу тарихы. Іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу құжаттарының түрлері. Бұйрықтар және оның түрлері. Еңбек шарты және оны ресімдеу тәртібі. Келісімшарттар және олардың түрлері.  Ақпараттық-анықтамалық құжаттар. Қаулылар, шешімдер, хаттамалар. Іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу бойынша құжаттарды дұрыс ресімдеу.</p>	<p><b>Білімдер:</b>  -тілдің грамматикалық ережесі;  -сауатты жазу;  -мәтін мазмұны бойынша жоспар құру;  -ресми іскери құжаттарды ресімдеу;  - мәтіннің негізгі мазмұны түсіну;  <b>Іскерліктер:</b>  -құжат бойынша түсінік беру;  -анықтамалық құжаттарды толтыру;  -іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу;</p>	<p>БҚ 2  БҚ 3  КҚ 3.1.5  КҚ 3.2.6  КҚ 3.3.5  КҚ 3.4.6  КҚ 3.6.5  КҚ 3.7.3  КҚ 3.8.3  КҚ 3.10.3</p>
	<p><b>Физика</b>  Қоршаған ортаға физикалық көзқарас. Гидроаэромеханика элементтері.  Молекулярлы физика және термодинамика негіздері.</p>		



ЖКП 02	<p>Молекулярлы-кинетикалық теория.</p> <p>Заттар құрамының өзгеру үрдісі және олардың сипаттамасы. Жылу қозғалтқыштары.</p> <p>Біргелкі қозғалыс, олардың графикасы және тенеуі. Қозғалысты қосу.</p> <p>Күш, салмақ, жылдамдық . Динамика заңы.</p> <p>Дүниежүзілік тартылыс күші. Серпімділік күші. Үйкеліс күші. Дененің салмағы, салмақсыздық.</p> <p>Статика. Жұмыс. Қуат. Энергияны сақтау заңы.</p> <p>Гармоникалық колебания , олардың түрлері.</p> <p>Толқын құрамы мен түрлері.</p> <p>Денені электрлеу.</p> <p>Зарядтардың өзара әрекеті. Күш жұмысының магниті. Өздік индукция.</p> <p>Электрмагнитті толқындар.</p> <p>Радиоқабылдағыштар.</p> <p>Сәулелендіру. Спектрлер. Спектрлі талдау.</p>	<p><b>Білімдер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- аспаптарда,</li> <li>жабдықтарда,</li> <li>машиналарда және электрлі магнитті тізбелерде болатын физикалық құбылыстардың мәні.</li> <li>-электр энергияны үнемдеу және электрқауіпсіздігі.</li> </ul> <p><b>Іскерліктер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- электр энергияны рационалды және тиімді қолдану тәсілі;</li> <li>- электрлік сызбаларды жинау және оқу;</li> <li>-электр қондырғыларды техникалық сауатты пайдалану және олардың ақауларын жою.</li> </ul>	<p>БҚ 5</p> <p>БҚ 6</p> <p>КҚ 3.1.4</p> <p>КҚ 3.2.4</p> <p>КҚ 3.3.5</p> <p>КҚ 3.4.1</p> <p>КҚ 3.4.3</p> <p>КҚ 3.5.3</p> <p>КҚ 3.7.1</p> <p>КҚ 3.9.1</p> <p>КҚ 3.10.1</p>
ЖКП 03	<p><b>Инженерлік графика және техникалық сызу</b></p> <p>Жобалау әдісі. Сызықтық жазықтық, түзу, нүкте тапсырмалары. Үстіңгі және жазықтық, түзу, нүктелерге метрикалық және позициялық тапсырмалар. Сызбаны өзгерту тәсілдері. Үстіңгі қисық сызықтар. Үстіңгі айналым. Түзу сызықтық жазықтық пен және екі жазықтық өзара түйісуі.</p> <p>Түзу сызықтық жазықтық пен және екі жазықтықтың параллельдігі мен перпендикулярлығы.</p> <p>Қисық сызық пен беті. Аксиометриялық проекциялар. Жобалау құжаттарының бірыңғай</p>	<p><b>Білімдер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- сызба геометрия негіздерін,</li> <li>- толтыру өлшемдеріне, өлшем сызықтық шартты белгілердің, шарттылықтар мен қысқартулардың талаптарын,</li> <li>- машинажасау сызбаларын орындаудағы қолданылатын масштабы,</li> <li>- эскиз бен сызбаны,</li> <li>- құрылымдық құжаттардың түрлері,</li> <li>- жиналмалы сызбаны оқу реті;</li> <li>- жиналмалы сызбаны бөліктеуді.</li> </ul> <p><b>Іскерліктер:</b></p>	<p>БҚ 1</p> <p>БҚ 3</p> <p>КҚ 3.1.6</p> <p>КҚ 3.2.6</p> <p>КҚ 3.3.5</p> <p>КҚ 3.4.3</p> <p>КҚ 3.5.5</p> <p>КҚ 3.7.1</p> <p>КҚ 3.10.3</p>

	<p>жүйесі. Сызбалардың орындалу практикасі. ГОСТы ЕСКД – сызбаны рәсімдеудің негізгі ержелері. Қиылысу, үзіктер түрлері. Ажырату мен ажыратпауды біріктіру. Құрылымдық құжаттардың түрлері және оларды дайындау деңгейі. Жеке компьютерлерде техникалық сызбаларды орындау үшін арнайы қолданбалы бағдарламалар.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- сызбаны орындау практикасін;</li> <li>- сызбаны толтыруды, барлық шартты белгілерді, өлшемдерді, өлшем сызықтарын салып, сақтай отырып;</li> <li>- спецификаны рәсімдеу,</li> <li>- қосындыларды дұрыс белгілеу, екінші қатардағы қисықты белгілеу;</li> <li>- техникалық сызбаны орындау.</li> </ul>	
ЖКП 04	<p><b>Жоғарғы математика негіздері</b></p> <p>Сызықтық алгебра элементтері.</p> <p>Екінші және үшінші қатар айқындауыштары, олардың қасиеттері. Айқындауыштарды жол бойынша қойып есептеу. n-ретті айқындауыш туралы ұғым. Сызықтық теңдеу жүйелері. n-сызықтық теңдеуді Крамер ережесі бойынша n белгісіз арқылы шешу. Матрицалар. Кері матрица ұғымы. Сызықтық теңдеу жүйесімен матрицалық шешу тәсілі.</p> <p>Айқын функциялар, айқын емес функциялар, берілген параметрлік функцияларды дифференциалдау. Жоғары ретті дифференциалдар. Функцияны зерттеу, функция экстремумдары. Тригонометриялық функциялар. Айқындалған интегралдардың қасиеті және анықтау. Векторлы алгебра элементтері.</p>	<p><b>Білімдер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- аралық техникалық пәндерді, сондай-ақ арнайы курстарды оқуға қажетті математикадан білім көлемін;</li> </ul> <p><b>Іскерліктер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- математикалық есептерді қолданбалы нәтижеге жеткізіп, шешуді (формулалар, сандар, сапалы шығатын графика және т.б.) -қолданбалы мәселелерді математикалық жағынан зерттеу;</li> <li>- мамандыққа байланысты әдебиеттердегі математикалық терминдерді өз бетінше шешуді;</li> <li>- практикалік нұсқауды алу мақсатында қажетті есептеу әдістері мен тәсілдерді таңдау және қолдануды (компьютерлер, анықтамалықтар, кестелер).</li> </ul>	<p>БҚ 5 БҚ 6 КҚ 3.1.1 КҚ 3.1.2 КҚ 3.2.1 КҚ 3.2.2 КҚ 3.3.5 КҚ 3.4.5 КҚ 3.5.2 КҚ 3.7.1 КҚ 3.8.1</p>

	Векторлар, сызықтық векторлар арасындағы операция.		КҚ 3.9.1 КҚ 3.10.1
ЖКП 05	<p><b>Мамандыққа кіріспе</b>  Өуе қозғалысына қызмет көрсету жүйесі және азаматтық авиацияның дамуы мен жағдайы. Диспетчердің жеке және кәсіби ұасиеттеріне қойылатын талаптар. Диспетчерлік құрамның кәсіби даярлығы туралы ереже. Өуе қозғалысына қызмет көрсету құрылымдары мен үрдісі, кезеңдері.  Авиациялық оқиғаларды ескерту шаралары. Ұшу ұзақтығы, негізгі кезеңдері, ұшақтың ұшуы . Төтенше жағдайларда және шаруашылық қызметте авиацияны қолдану.  Авиациядағы негізгі мамандықтар. Азаматтық авиацияның ұшқыштар құрамы. Азаматтық авиациядағы техникалық пайдалану жөніндегі мамандар.</p>	<p><b>Білімдер:</b>  - қозғалтқыштар мен ұшу аппараттарына қойылатын негізгі техникалық талаптар:  - өуе қозғалысына қызмет көрсетудің құрылымдық жүйесі, олардың жұмыс принциптері;  - өуе қозғалысына қызмет көрсетудегі нормативті құжаттарға байланысты авиациялық оқиғалардың болу себептерін және оларды жою жөніндегі шаралар.  - авиацияның халық шаруашылығында қолданылуы туралы;  - азаматтық авиациядағы ұшқыштар құрамын, авиациядағы негізгі мамандарды;  основных профессий в авиации, летного состава гражданской авиации;  -инженерлік-авиациялық қызмет құрылымы;  - Өуе кемесіне техникалық күтімдеуді ұйымдастыру;  <b>Іскерліктер:</b>  - арнайы және жалпы кәсіби пәндерді оқуда алған білімдерін қолдану;  -оқу және кәсіби практикаден өту кезінде білімдерін қолдану.</p>	<p>БК 1  БК 3  КҚ 3.2.1  КҚ 3.3.5  КҚ 3.4.3  КҚ 3.5.3  КҚ 3.6.1  КҚ 3.6.2  КҚ 3.7.3  КҚ 3.8.3  КҚ 3.9.3  КҚ 3.10.3</p>
	<p><b>Адами фактор</b>  Кәсіптік қызметті іске асырудың психологиялық негіздері. Авиациялық жүйелер басқармасындағы адам-оператор.  Авиацияда психологиялық таңдау. Ерекше жағдайлардағы әрекеттерге авиациялық қызметкерлерді оқыту</p>	<p><b>Білімдер:</b>  - психология негізі: оның негізгі түсініктері мен теориялары;  -жеке психологиялық ерекшеліктері;  -өзін- өзі тәрбиелеудің рационалды қабылдау.</p>	<p>БҚ 1  БҚ 3  БҚ 4</p>

ЖКП 06	және дайындауда психологиялық талаптар. Әлеуметтік-психологиялық мәселелер. Авиациялық жағдайлардың қызметкерлерге әсер ету ерекшеліктері. Авиациялық қауіпсіздіктің жеке тұлға және жеке тұлға арасындағы қатынастың рөлі және ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету.	<b>Іскерліктер:</b> -оқу, анықтамалық әдебиеттерді қолдану. - таным қызығушылығын дамыту. - қажетті кәсіптік сапаны алу үшін практикалық психология әдістері мен рационалды қабылдауды қолдану.	КҚ 3.1.6 КҚ 3.2.6 КҚ 3.3.3 КҚ 3.4.2 КҚ 3.5.2 КҚ 3.6.1 КҚ 3.6.2
ЖКП 07	<b>Өндірістік экономика</b> Әуе көлігіндегі экономиканың ерекшеліктері, олардың өнімдері, еңбекті нормалау және жоспарлау, ұйымдастыру; еңбекті өндіру, оларды өлшеу және көтеру жолдары; мекеменің қызметін жоспарлау және ұйымдастыру; салықтық жүйе; мекеменің қоры, негізгі патенттер, мекеменің техникалық және есептік құжаттары; қаржы-өндірістік қызметін талдау және есептеу; маркетинг және олардың құрылымы; бағалау, тарифті саясат; мекемені басқару; менеджмент негіздері, мақсаты, принциптері, функциялары және басқару әдістері.	<b>Білімдер:</b> - көліктік мекемелерде болатын, экономикалық үрдістердің мазмұны, олардың өзара байланысы мен өзара тәуелділігі. <b>Іскерліктер:</b> - өндірістің нәтижелілігін көтеруді, нәтижеге жеткендерін бағалау, экономикалық факторлардың әсерін анықтау, моделдеу және жүйелеу; - азаматтық авиацияда жалпы көліктік заңдарды және экономикалық заңдарды нақты көрсету формалары; әлеуметтік – нарықтық шаруашылықта экономика жағдайларын дамытудың жалпы заңдары.	БҚ 1 БҚ 3 КҚ 3.1.6 КҚ 3.2.6 КҚ 3.3.5 КҚ 3.4.6 КҚ 3.5.5 КҚ 3.6.3 КҚ 3.8.1 КҚ 3.7.3 КҚ 3.7.2 КҚ 3.9.1 КҚ 3.10.3
	<b>Техникалық механика</b> Статика: жалпақ жүйе күші және статика аксиомаларының негізгі түсініктері. Ауыр орталықтардың кеңістік жүйесі. Кинематика. Қатты дененің күрделі	<b>Білімдер:</b> - статика аксиомаларын; - векторлық және аналитикалық түрдегі күштер туралы; - күш сәті, ең басты күш сәті, басты вектор туралы ұғымды; - динамиканың негізгі заңдарын;	

ЖКП 08	<p>козғалысы, козғалыс нүктелерінің параметрлері. Динамика: динамика аксиомалары және негізгі түсініктері. Динамиканың жалпы теоремасы.</p> <p>Материалдардың қарсыласуы: созылу және қысылу, кесу. Айналу немесе иілу және бүгілуі (көлденен). Күрделі қысым жағдайы. Беріктілік гипотезасын; элементтердің беріктілігін, тұрақтылығы мен төзімділігін есептеу. Қысылған стержендер тұрақтылығы, шаршауы.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- кинетикалық энергияны ;</li> <li>- механика материалдарын;</li> <li>- беріктілік гипотезасын;</li> </ul> <p><b>Іскерліктер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- бостандығы дәрежесін, байланыстары мен реакцияларын анықтау, векторлық және аналитикалық түрдегі күштер туралы;</li> <li>- нүктелер, жылдамдықтарын, жеделдетудің табиғи және векторлық өлшемдерін;</li> <li>- практикалық есептерді шешу үшін теңдеуді қолдану;</li> <li>- практикалық мақсатта динамика заңдарын қолдану.</li> </ul>	<p>БҚ 6 БҚ 7 КҚ 3.1.1 КҚ 3.2.1 КҚ 3.3.1- КҚ 3.3.6 КҚ 3.4.6 КҚ 3.4.3 КҚ 3.5.3 КҚ 3.7.1 КҚ 3.9.3 КҚ 3.10.3</p>
ЖКП 09	<p><b>Еңбекті қорғау және экология негіздері</b></p> <p>Қоршаған ортаның және өндірістік экологияның мәселелері, негізгі заңдық актілер, нормалар мен ережелер. Еңбек қауіпсіздік қызметінің шарттары мен физиолог-психологиялық факторлардың әрекеті. Авиациялық техникаға қызмет көрсету шараларын кезіндегі қауіпсіздік шаралары. АА кәсіпорнындағы еңбекті қорғауды ұйымдастыру. Өндірістік жарақат пен кәсіби аурулар. АА мекемелерінде санитарлы-гигиеналық жағдайларды анықтайтын факторлар. Электр қауіпсіздігі. Жердегі ерекше жағдайларда инженерлі-техникалық құрамның әрекеті. Авиациялық-химиялық жұмыстарды орындау кезінде қауіпсіздік</p>	<p><b>Білімдер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- зиянды және қауіпті өндірістік факторларды;</li> <li>- жауапкершілік түрлерін ;</li> <li>- өндіріс ғимаратының оптимальді және рұқсат етілетін микроклиматтық жағдайлары;</li> <li>- жұмыс істеу алаңында ауадағы қауіпті заттардың концентрациясын;</li> <li>- улы заттармен қатынас кезінде еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары;</li> <li>- еңбекті қорғау саласындағы негізгі құжаттар;</li> </ul> <p><b>Іскерліктер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- күнделікті өмірде және өндірісте техника</li> </ul>	<p>БҚ 1 БҚ 2 КҚ 3.2.3- КҚ 3.2.6 КҚ 3.3.1- КҚ 3.3.6 КҚ 3.4.3 КҚ 3.5.3 КҚ 3.6.3 КҚ 3.7.3 КҚ 3.8.4 КҚ 3.8.3 КҚ 3.9.1</p>

	<p>техникасы.  Электржабдықтарын құру және пайдалану кезінде өртке қарсы талаптар, үрлеу және жылыту.  Экология. ҚР экологиялық заңнама негіздері. АА мекемелерінде қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар.</p>	<p>қауіпсіздігі талаптары мен нормативтік құжаттарды пайдалану;  -өндірісте және практикаден өту кезінде техника қауіпсіздігі ережелерін бұлжытпай орындау.</p>	<p>КҚ 3.9.3  КҚ 3.10.3</p>
<p>ЖКП 10</p>	<p><b>Электртехникасы негіздері және электроника</b>  Электр энергиясы, оның қасиеті және қолдануы.  Өндірістік процестерді автоматтандыру ісінде электрификацияның ролі.  Электроэнергетика, электротехника, электроника қазіргі күйі және даму болашағы.  Электр өрісінің негізгі сипаттамалары.  Конденсаторлар.  Конденсаторларды қосу.  Электр тізбегі туралы жалпы мәліметтер.  Токтың бағыты және ток тығыздығы.  Электр энергиясының тізбегінің негізгі элементтері: көздері және қабылдағышы және оның қуаты және ПӘК.  Өткізгіш материалдар және олардың сипаттамасы.  Мемлекеттік стандартқа сәйкес электр сұлбаларындағы шартты белгілер. Электроника негіздері: электрлік аспаптар, күшейткіштер, түзеткіш, генераторлар.  Қабылдау және беру құрылғылары. Сандық құрылғылардың элементтері; антенналар мен радиотолқындарды тарату.</p>	<p><b>Білімдер:</b>  - электрлік өрісі сипаттарын, физикалық мәнін, конденсатордың қосалқы, қосарлы, аралас қосындыларының қосылысы заңын;  -тұрақты токтың электр тізбегін;  -электр энергиясы өлшемнің принциптерін;  - электрлік жетек негіздерін;  - электронды және жартылай сымды аспаптардың жұмыс принциптері және құрылғысы туралы мәлімет;  <b>Іскерліктер:</b>  - өріс сипаттары мен конденсатордың батареясы сипаттарын есептеу;  - аралас қосылған бір көзді электр тізбегін есептеуді жүргізу;  - электрлік сызбадағы электр тізбегінің негізгі элементтерін анықтау;  - шартты белгілердің көмегімен, мемлекеттік стандарттарға сәйкес түрлі типтегі электрлік сұлбаларды орындау;  - аспаптың электрондық орналасу схемаларын оқуды.</p>	<p>БҚ 7  БҚ 8  БҚ 9  БҚ 10  КҚ 3.1.4  КҚ 3.2.2  КҚ 3.4.3  КҚ 3.5.3  КҚ 3.5.4  КҚ 3.5.5  КҚ 3.7.1  КҚ 3.9.1  КҚ 3.10.1</p>

ЖКП 11	<p><b>Материалтану және металды өңдеу</b></p> <p>Металл қоспаларының құрылысы. Құймаларды теориялық өңдеу. Құймаларды химиялық-термиялық өңдеу. Пластикалық деформация, металдарды бекіту және бұзу. Металл конструкциялардың шаршау беріктігі. Конструкциялы металдардың пайдалану қасиеті және оларды бағалау әдістері. Болат және құймалар. Жоғарғы температурадағы құймалар. Металл емес материалдар. Құранды материалдар. Металды кесу арқылы өңдеу. Құю өндірісі өте жоғары дәлдіктегі құю. Металды қысым арқылы өңдеу. Металды балқыту және дәнекерлеу. Металдарды электрлік-химиялық өңдеу.</p>	<p><b>Білімдер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- металл құюдың негізгі технологиялық процестерін өңдеу,</li> <li>- пластмассалардың, резина, герметика, желімнің, лакпен бояу, тоқыма материалдың к е й б і р физика-механикалық қасиеттері, құрамы, құрылысы, алу технологиясы туралы негізгі мәліметтерді;</li> </ul> <p><b>Іскерліктер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- шойынның белгілерін білу, жіктеу;</li> <li>- түрлерді жобалау;</li> <li>- электрдоғалы құйманы есептеу тәртібі;</li> <li>- пісіру жібін бақылауды жүргізу;</li> <li>-электрдоғалы пісірудің техника-экономикалық көрсеткіштерін анықтау;</li> <li>- зенкердің, бұраманың құрылымы мен геометриясын айыруды.</li> </ul>	<p>БҚ 3 БҚ 4 КҚ 3.4.3 КҚ 3.5.3 КҚ 3.7.1 КҚ 3.8.4 КҚ 3.9.2 КҚ 3.10.3</p>
ЖКП 12	<p><b>Авиациялық қауіпсіздік</b></p> <p>Авиациялық қауіпсіздік көрсеткіштері, қауіпсіздік деңгейі, қауіпсіздікке әсер ететін қолайсыз факторлар, және олардың бағалары, техникалық құралдары және қамтамасыз ету тәсілдері, авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен байланысты басқарылатын құжаттар.</p>	<p><b>Білімдер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- нормативтік құжаттың талаптарын;</li> <li>- авиациялық қауіпсіздіктің жағдайы;</li> <li>- авиация қауіпсіздік қызметінің құрылымын;</li> <li>- әуежайдың және авиа мекемелердің территориясына кіретін рұқсат қағаздардың деңгейі;</li> <li>- шектеу қойылған территорияларда жүру ережелері;</li> <li>- заңсыз араласу актілері кезіндегі қолданатын құралдар; әуе кемесіне арнайы тексеру жүргізуді ұйымдастыру;</li> </ul> <p><b>Іскерліктер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- техник жұмысында авиациялық қауіпсіздік нормаларын қолдану;</li> </ul>	<p>БҚ 3 БҚ 4 БҚ 7 КҚ 3.2.3 КҚ 3.2.6 КҚ 3.4.3 КҚ 3.5.3 КҚ 3.6.3 КҚ 3.7.3 КҚ 3.8.2 КҚ 3.8.3</p>

		<ul style="list-style-type: none"> <li>- жұмыс орнында авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларын қолдануды.</li> </ul>	<p>КҚ 3.9.1 КҚ 3.10.3</p>
ЖКП 13	<p><b>Әуежайлар және оларды пайдалану</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- әуежайлар туралы жалпы мәлімет және оларды тағайындаудың негізгі бөліктері.</li> <li>- аэроалаң элементтері және оларды тағайындау.</li> <li>- әуе жолдарының және әуежайлардың жіктемесі.</li> <li>- жолаушылар кешені.</li> <li>- аэроалаңдар жіктемесі.</li> <li>- әуежайдың генжоспары туралы түсінік.</li> <li>- жел диаграммасы туралы түсінік.</li> <li>- жергілікті жел режімі.</li> <li>- әуежайдың бұру жолдары, олардың түрлері назначение и размеры.</li> <li>- Перрон, тұрақ санын анықтау.</li> <li>- Аэроалаңдық жамылғыларды қолдану саласы және жіктемесі.</li> <li>- Әуе кеңістігін ұйымдастыру.</li> <li>- Әуе қозғалысын басқару негіздері.</li> <li>- Ұшудың жалпы ережелері.</li> <li>- Әуе қозғалысын реттеу.</li> <li>- Аэроалаңдардың ұшу жолағының белгілері.</li> <li>- Аэроалаңдарды мезгілдік пайдалану.</li> </ul>	<p><b>Білімдер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- әуежай технологиясының процедуралары мен ережелері, нормалары;</li> <li>- еңбек қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникалары бойынша құрылымдар мен ережелер, норма талаптары;</li> <li>- әртүрлі аэроалаң кластарына қызмет көрсету технологиясы;</li> <li>- аэроалаңдық жамылғыларды белгілеу.</li> </ul> <p><b>Іскерліктер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- класс бойынша әуежай жоспарын құру;</li> <li>- әуежайларда тасымалдауды ұйымдастыру үрдісі бойынша технологиялық сызбалар құру.</li> <li>- тұрақ орнын, бұру жолдарын және ұшып-кону жолағының геометриялық сипаттарын анықтау.</li> </ul>	<p>БҚ 3 БК 4 КҚ 3.4.3 КҚ 3.5.3 КҚ 3.6.3 КҚ 3.8.1 КҚ 3.9.1 КҚ 3.10.3</p>
		<p><b>Білімдер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ДББЖ Access туралы негізгі мәліметтерді;</li> <li>- ДББЖ Access меңгеруге қажетті негізгі түсініктерді;</li> <li>- ДББЖ Access меңгеруде қажетті негізгі түсініктерді: Access терезесі негізгі мәзір, саймандар тақталарын;</li> </ul>	



ЖКП 14	<p><b>Электронды-есептеуіш машиналарында техникалық тапсырмаларды шешу</b></p> <p>Инженерлік тапсырмаларды үлгілеу және шешу, компьютерлік техниканың жаңа құралдарының көмегімен құрылымдау және жоспарлау және бағдарламамен қамтамасыз ету, екіөлшемді сызуды меңгеру, үшөлшемді үлгілеу және оларға нұсқаулық құжаттаманы алу. Курстық жобаларды шешу.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Пішіндерді құру тәсілдерін</li> <li><b>Іскерліктер:</b></li> <li>- Access деректер базасын құруға;</li> <li>- әртүрлі пішіндерді, есептерді, сұраныстарды құруға;</li> <li>- кесте, конструктор, мастер таблиц режимдерінде кестелер құруға;</li> <li>- пішінді басқару элементтерін пайдаланудың тәсілдерін игеруге;</li> <li>- пішіннің әр түрін құрастыруға;</li> <li>- деректермен орындалатын әрекеттерді анықтауға: іздеу, түзету, қарап шығу, сұрыптау, жою, сүзгіден өткізуге;</li> <li>- кестелерде және пішіндерде, деректерде өңдеудің мүмкіндіктерін пайдалануға;</li> <li>- конструктор режимінде сұраныстар, тоғысқан сұраныстар құруға арналған тәсілдерді игеруге дағдылануы керек.</li> </ul>	<p>БК 5 БК 6 КҚ 3.2.4 КҚ 3.3.1 КҚ 3.3.5 КҚ 3.6.2</p>
ЖКП 15	<p><b>Аэродинамика негіздері</b></p> <p>Аэродинамиканың негізгі заңдары.</p> <p>Аэродинамикалық күштер. Қанаттың аэродинамикасы: геометриялық сипаттамалар, қанаттың геометриялық және аэродромның қисығы; профиль бойынша қысымды реттеу (тарату). Қанаттың күші. Ұшақтың аэродинамикасы. Жылдамдық аэродинамикасы: негізгі тепе-теңдігі, дыбыс</p>	<p><b>Білімдер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ауаның негізгі өлшемдері мен физикалық қасиеттерін;</li> <li>- ұшақты құрылымдық аэродинамикалық ерекшеліктерін;</li> <li>- ұшудың негізгі этаптарында ұшақтың ұшу сипаттамаларын;</li> <li>- центрлеуге ықпал ететін факторларды, ұшақтың тепе-теңдігін, тұрақтылығы мен басқарылуын;</li> <li>- ұшудың ерекше жағдайларындағы ұшу ерекшеліктерін;</li> </ul> <p><b>Іскерліктер:</b></p>	<p>БҚ 3 БҚ 4 КҚ 3.1.5 КҚ 3.4.3 КҚ 3.5.3</p>

	<p>жылдамдығы. Әуе бұрамасының аэролромдық күші. Бұраманың ПӨК-і. Әуе бұрамасының практикалық қолдануы. Ұшақтың көлденең ұшуы : ұшаққа әсер ететін күш сұлбасы. Биіктік жиынтығы. Ұшақтың ұшуы,вираж, ұшаққа әсер ететін күш сұлбасы. Ұшақты кіндіктеу: ауырлық орталығы, ұшақты кіндіктеуді есептеу.</p>	<p>-ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ұшақтың практикалық аэродинамикасы бойынша білімнің практикалық жұмысын қолдану; - практикалық міндеттерді шешуде әуе кемесінің ұшу техникалық сипаттамаларын зерттеу және талдау әдістерін қолдану; - қоршаған ортаның әртүрлі жағдайларындағы ұшақтың қону сипаттамаларын анықтау.</p>	<p>КҚ 3.7.1 КҚ 3.8.4 КҚ 3.9.1 КҚ 3.10.3</p>
ЖКП 16	<p><b>Стандарттау, сертификаттау және метрология негіздері</b> Өлшеу жүйелерінің кепілденген нақты қамтамасыз ету тәжірибелері және теория негіздері. Өлшеу әдістері мен салалары, түрлері. Өлшеу бірліктері, сандық және сапалық сипаттамалары, өлшем көлемдері. Метрологиялық сенімділік және нақты кластар, метрологиялық сипаттамалар, өлшеу құралдары және әртүрлі өлшеуіштер. Нормативтік –құқықтық реттеуші, заңдық метрология және стандартизация. Мемлекеттік стандарттау принциптері мен әдістері. Өлшеу құралдарын және стандартты ведомстволық тексеру және мемлекеттік бақылау.</p>	<p><b>Білімдер:</b> - өлшеудің құқықтық базаларын, әдістерін, құралдарын, субъектілерін, объектілерін, принциптерін, тапсырмаларын, мақсаттарын; -өлшеудің негізгі теориялары; аумақтық және халықаралық стандарттық құрылымдары; ҚР МБСТ сертификация жүйесі; түсінік: сапа, сапаны қамтамасыз ету; - сапаны басқару; -сапаны көрсеткіштер, оларды анықтау және салыстыру әдістері; <b>Іскерліктер:</b> - мемлекеттік және халықаралық жүйелерді қолдану; - - аумақтық, халықаралық, ұлттық стандарттарды қолдану.</p>	<p>БҚ 3 БҚ 4 КҚ 3.4.3 КҚ 3.5.3 КҚ 3.7.1 КҚ 3.8.4 КҚ 3.9.2 КҚ 3.10.3</p>
	<p><b>Гидравлика</b></p>	<p><b>Білімдер:</b> - сұйықтың тепе-теңдігі мен қозғалысы заңын,</p>	

ЖКП 17	<p>Сұйықтықтардың негізгі қасиеттері. Гидростатика. Өнеркәсіптік қондырғылардың гидравликалық және газ жүйелері. ГЖ-де қолданатын сұйықтардың негізгі қасиеттері. Гидростатика. Гидродинамика. Гидравлик Үздіксіз және Бернулли теңдеуі. Энергетика заңдары. Пневматикалық қондырғылар. Сұйықтардың стационарлық емес ағуы. Роторлы және поршеньді насостардың құрылысы мен жұмыс істеу принципі. Гидравликалық және пневматикалық сымдар. Гидро және пневмоприводтардың бұғылау-қосымша аппаратурасы.</p>	<p>гидростатиканың негізгі теңдігін; - Архимед заңын; - Бернулли теңдігін; - Вейсбах теңдігін; - Дарси формуласын; - әртүрлі сорғылардың құрылымы мен сипаттамаларын; - гидроберу, гидромұфтаның сипаттамасы мен тәртібін; <b>Іскерліктер:</b> - сұйық пен газдың қысымын өлшеу; - сұйық ағуының түрлі режимдегі сандық көрсеткіштерін анықтау; - сұйықтың қабырғаға қысым күшін есептеу (жалпақ және қисық сызықты); - практикада теңдеу және гидравлика заңын қолдану; - кәсіби қызметінде сорғыштың түрлерін қолдану.</p>	<p>БҚ 3 БҚ 4 КҚ 3.4.3 КҚ 3.5.3 КҚ 3.7.1 КҚ 3.8.4 КҚ 3.9.2 КҚ 3.10.3</p>
АП 00	<b>Арнайы пәндер</b>		
	<p><b>Авиациялық заңнама</b> Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы Қазақстан Республикасының Заңы. "20.12.1995 г. №2697 заңдық күші бар, Қазақстан Республикасының азаматтық авиация қызметін және әуе кеңістігінде қолдану туралы ҚР Президентінің жарлығы". "28.02.1997 ж. №285 ҚР әуе кеңістігін қолдану туралы ережесі". "Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияға №3 Қосымша".</p>	<p><b>Білімдер:</b> - азаматтық авиацияның әуе кемелерінің ұшуын ұйымдастыру, қамтамасыз ету және орындау бойынша нормативтік және басқарушы құжаттардың талаптары; - азаматтық авиацияда қозғалыс қызметіндегі регламенттеуші қызмет құжаттарының талабы;</p>	<p>БҚ 2</p>

<p>АП 01</p>	<p>"(ҚР ПРВГ-98) АА ӘК экипажының демалыс уақыты мен жұмыс уақыты туралы ереже".  "(РПАСОП-85) ӘК ұшуды апаттық-құтқару және іздеу бойынша қамтамасыз ету бойынша басшылық".  "НПП АА-85 АА ұшуды жүзеге асыру бойынша тәлімгерлік".  Ұшуды орындау ережесі, ұшуды ұйымдастыру жұмысы, жалпы ережелер, анықтау және терминдер". Әуе қозғалысын басқару. Ерекше жағдайларда ұшу және ұшу кезіндегі ерекшеліктер. Ұшуды орындау және ұйымдастыру бойынша қамтамасыз ету бойынша басқарушы органдардың нұсқауы.  ПМ желі кезінде ұшуды орындауды ұсыну. Ұшу қауіпсіздігін бұзу кезіндегі авиациялық көлік жұмысшыларының жауапкершілігі ҚР кодексінен.</p>	<p>- авиациялық оқиғалар мен қақтығыстарды алдын алу бойынша шаралар;  <b>Іскерліктер:</b>  -практикалық қызметте алған білімдерін қолдану, ұшуды ұйымдастыру, қамтамасыз ету және орындау бойынша негізгі нормативтік құжаттар талаптарын қолдану;  - техникалық регламенттерді өңдеу;  - адам өмірі, денсаулығы, қоршаған орта үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша азаматтық авиация саласында ұшу қауіпсіздік ережесін, авиациялық қауіпсіздік ережесін және басқа да нормативтік құжаттарды сақтауды бақылау.</p>	<p>БҚ 3  БҚ 4  КҚ 3.1.1  КҚ 3.2.1  КҚ 3.3.1  КҚ 3.4.1  КҚ 3.5.1  КҚ 3.6.1  КҚ 3.7.1  КҚ 3.9.1  КҚ 3.10.1</p>
<p>АП 02</p>	<p><b>Кәсіптік ағылшын тілі</b>  Кәсіби қарым-қатынас үшін қажетті мамандық бойынша лексика-грамматикалық минимум; оқыған мамандығына сәйкес сөз жасам түрлерін, терминдері мен лексикалық құрылымдары). Кәсіби қарым-қатынас; мамандықтарға арналған іскери тіл негіздері, шетел тілінде сөйлеу әрекеті мен сөйлеу түрінің (ауызша, жазбаша) сипатын айыру;</p>	<p><b>Білімдер:</b>  - кәсіби қарым-қатынас үшін қажетті, мамандық бойынша лексика-грамматикалық материалдарды;  - кәсіби бағыттағы қазақ тіліндегі, шетел тіліндегі мәтіндерді оқу мен аударуға (сөздіктен) қажетті лексикалық және грамматикалық минимумды;  <b>Іскерліктер:</b>  - сөйлеу әрекеті мен сөйлеу түрінің сипатын айыруды білу</p>	<p>БҚ 2  БҚ 4  КҚ 3.1.3- КҚ 3.1.6  КҚ 3.2.3  КҚ 3.2.6  КҚ 3.3.1</p>

	мамандыққа бағытталған мәтіндерді аудару техник .	- шет тілдегі берілген тақырыпты естіп және оны жеткізуді.	КҚ 3.3.5 КҚ 3.6.5
АП 03	<p><b>Электр жабдықтар және оларды ұшуда пайдалану</b></p> <p>Ұшақтың электржабдығы , тұрақты және ауыспалы ток жүйелері. Әуе кемелерін басқару органдарының электр жетегі. Күштік қондырғыны бақылаудың аспаптық жабдығы, жоғарғы оттекті жүйелерінің жұмыстары. Ұшу аппараттарының шығару типінің электр жабдықтары туралы жалпы деректер.</p> <p>Тұрақты ток көздері және ауыспалы бір фазалы ток көздері, ауыспалы үш фазалы ток көздері.</p> <p>ӘК ұшу апараттарын өртке қарсы мұздануға қарсы және отын жүйелерінің электр жабдықтары.</p> <p>Ішкі және сыртқы жарық түсіру жүйелерінің электр жабдығы.</p>	<p><b>Білімдер:</b></p> <p>- ұшу аппараттарының шығару типі электр жабдығының міндеті, құрылғысы, жұмыс принципін;</p> <p>- оның техникалық пайдалану ережесін;</p> <p><b>Іскерліктер:</b></p> <p>- ұшуға электржабдығын дұрыс дайындауға;</p> <p>- штаттағы және штаттан тыс жағдайларды дұрыс пайдалануға дағдылану керек.</p>	БҚ 7 БҚ 8 БҚ 9 КҚ 3.2.4 КҚ 3.3.6 КҚ 3.4.2 КҚ 3.4.3 КҚ 3.5.4 КҚ 3.7.1 КҚ 3.9.2 КҚ 3.10.2
АП 04	<p><b>Радио жабдықтарды және оларды ұшуда пайдалану</b></p> <p>Құру принципі, әуе кемесінің әртүрлі типтерінде радиожабдықтарды техникалық пайдалану. Әуе кемесінің РТЖ құрамы: радиоаппаратура байланыстары, ұшақ жүргізуде нақты жауап. Қақтығыс туралы ескерту аппаратурасы.</p> <p>Жұмысы (жұмыс принципі) және ұшуда пайдалану. Әук қозғалысын ұйымдастыруға арналған бақылау және навигация. Байланыстың радиотехникалық жүйесін құру негіздері</p>	<p><b>Білімдер:</b></p> <p>- радиотехникалық тізбектер мен белгілердің түрлерін;</p> <p>- радиотаратушы және радиоқабылдағыш құрылғылардың құрамы мен жұмыс принципі;</p> <p>- Ж Ж Т антенналы-фидерлік құрылғылардың қызмет принципін;</p> <p><b>Іскерліктер:</b></p> <p>- байланыс радиоаппаратурасының, ұшақ жүргізу, белсенді жауап пен тануды талдау; -Әуе кемелерінің РТЖ жүйесіндегі ақауларды анықтау.</p>	БҚ 8 БҚ 9 КҚ 3.2.4 КҚ 3.3.1 КҚ 3.3.2 КҚ 3.3.5 КҚ 3.4.3 КҚ 3.5.3 КҚ 3.4.2 КҚ 3.3.6 КҚ 3.5.4 КҚ 3.7.2

	және функционалды сипаттамасы.		КҚ 3.9. 2 КҚ 3.10.1
АП 05	<p><b>Аспаптық жабдықтар және оларды ұшуда пайдалану</b></p> <p>Әуе кемесінің координаты және кеңістік жағдайын, биік жылдамдық параметрлерін анықтау құралы, олардың тиімділікті көтеруге әсері, ұшудың экономикалық тиімділігі реттеу және ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету.</p> <p>ӘК аспаптық жабдықтарын техникалық пайдалану ережесі. Өртке қарсы және кислородтық жабдықтар, сөйлеу ақпаратын және ұшуды тіркеу құралдары, ұшақтық жүйе және күштік кондырғыларды тексеру аспаптары. Жанармай қорын және шығынды бағдарламалық басқару жүйелері. Техникалық пайдалану ерекшеліктерін, дірілді өлшеуге арналған аспаптар.</p>	<p><b>Білімдер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- әуе кемесінің координаты және кеңістік жағдайын, биік жылдамдық параметрлерін анықтау құралы және жұмыс принципі;</li> <li>- авиациялық аспаптардың өзара әрекеті және жұмыс принципі, орналастыру, кешендеу, тағайындау;</li> <li>- әуе кемесінің аспаптық жабдықтарын дұрыс қолдану;</li> <li>- реттеу және техникалық пайдалану әдістері және негізгі принциптері.</li> </ul> <p><b>Іскерліктер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ұшуда аспап жабдықтарының ақаулығын және істен шығу себептерін талдау.</li> <li>- ғылыми -техникалық ақпараттарды және анықтамаларды қолдану және рационалды қабылдауды іздестіре білуді меңгеру.</li> </ul>	<p>БҚ 8 БҚ 9 КҚ 3.2.4 КҚ 3.3.6 КҚ 3.4.2 КҚ 3.4.3 КҚ 3.5.4 КҚ 3.7.1 КҚ 3.9.1 КҚ 3.10.2</p>
АП 06	<p><b>Ұшу аппараттарын ұшуда пайдалану және құрылымы</b></p> <p>Әуе кемелері мен ұшу аппараттарының конструкциясы мен негізгі түрлері. Ұшаққа көрсетілген талаптар. Ұшу аппараттарын тиеу шарттары. Ұшақтың шасси жүйесі: белгілеу, негізгі талаптар, параметрлер, сұлбалар. Ұшақты басқару жүйесі. Күштік кондырғы. Гидравликалық және отын жүйесі: белгілеу және жұмыс принципі, Ауаны салқындату</p>	<p><b>Білімдер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ұшақ жасаудың тарихын,</li> <li>- қазіргі заманғы және болашақтағы ұшу аппараттарының техникалық сипаттамалары;</li> <li>- ұшу аппараттарының құрылымын және планердің агрегаттарының жұмыс принциптері;</li> <li>- пайдалану объектісі сияқты ұшу аппараттарының жүйесі мен агрегаттардың</li> </ul>	<p>БК 7 БК 8 БК 9 КҚ 3.2.1</p>

	<p>жүйесі, белгілеу және негізгі талаптар.</p> <p>Ауа қысымын автоматты реттеу жүйесі, агрегат құрамы және жұмыс принципі, белгілеу және негізгі талаптар.</p> <p>Ауа-жылу жұмысы, мұздануға қарсы және электр жүйесі. Ұшақтың өртке қарсы жүйесі. Өрт сөндіру жүйесі.</p>	<p>жұмыс істеу қабілетінің күйін бағалау әдісін;</p> <p><b>Іскерліктер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- авиациялық техниканың жұмыс істеу қабілетін анықтау және тексеру жүргізу;</li> <li>- таңдалған ұшақ түріне жалпы мәліметтер мен түсінік беру.</li> </ul>	<p>КҚ 3.2.4</p> <p>КҚ 3.3.6</p>
АП 07	<p><b>Авиациялық қозғалтқыштарды ұшуда пайдалану және құрылымы</b></p> <p>Авиациялық газтурбиналық қозғалтқыштардың жұмыс істеу процесі мен сипаттамалары.</p> <p>Қозғалтқыштың сыртқы, бұрамалы және жоғарғы сипаттамалары.</p> <p>Қозғалтқыштың жұмыс тәртібі. Цилиндр, поршень тобы: тағайындау, жұмысы. Газ тарату механизмінің міндеті және жұмыс сұлбасы. Жанармай жүйелер: техникалық мәліметтер, аспаптық бақылау. Тұрақты айналым реттегіші: мақсаты, құрылысы. Ауа бұрамасы. Қозғалтқышты іске қосуға даярлық (экипаж кабинасы).</p> <p>Қозғалтқышты іске қосу, қыздыру МГ қозғалтқыш параметрлері: нақтылы режим; ұшу режимі. Қозғалтқышты тоқтату тәртібі.</p>	<p><b>Білімдер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- авиациялық қозғалтқыштардың түйіндері мен агрегаттары, негізгі құрылғылардың конструкциясы;</li> <li>- авиациялық қозғалтқыштарды пайдалану тәртібі;</li> <li>- әуе кемесі шығу типінің қозғалтқыштарының негізгі ұшу – техникалық мәліметтері пайдалану ережесі және құрылымы, техникалық деректерді;</li> <li>- авиациялық қозғалтқыштарды пайдалану ережесі.</li> </ul> <p><b>Іскерліктер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- орнатылған талаптарға сәйкес қозғалтқышты пайдалану;</li> <li>- әуе кемесін пайдалану;</li> <li>- ұшу кезінде шыққан істен шығу мен ақауларды жою.</li> </ul>	<p>БҚ 7</p> <p>БҚ 8</p> <p>БҚ 9</p> <p>КҚ 3.2.1</p> <p>КҚ 3.2.4</p> <p>КҚ 3.3.6</p>
	<p><b>Апаттық-құтқаруға дайындық</b></p> <p>Әуе кеме бортында экипаж мүшелері мен жолаушыларға әсер ететін жағымсыз факторлар және типтік</p>	<p><b>Білімдер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- апаттық жағдайларда әрекеттердің тәртібі;</li> <li>- апаттық жағдайлар шыққан кезде жолаушылардың</li> </ul>	

<p>АП 08</p>	<p>жағдайлар. Жағымсыз ауа-райында және турболентті атмосфера жағдайларында ұшу ерекшеліктері. Іздеу-құтқару және апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізу, ұйымдастыру. Әуе кемесі бортындағы апаттық-құтқару жабдықтары. Істен шығу кезіндегі іс-әрекеттер. Апаттық жағдайларда әуесеріктер мен экипаж мүшелерінің іс-әрекеті: жерге қону алдында, суға қону алдында, апат алдында жерге қону. Апат кезіндегі қысымның түсуі және разгерметизация кезіндегі, әуе кеме бортында өрттің туындауы кезіндегі әрекет. Дабыл құралдары.</p>	<p>зандылық мінездерін, дүрбелеңдерін басу принциптерін; - әуе кемелері экипаждарын іздеу және құтқару жұмыстарын ұйымдастыруын; - апатты-құтқару жабдықтарын орналастыруын; - апаттық жағдайларда экипаж мүшелері арасындағы қарым-қатынас. <b>Іскерліктер:</b> -құтқару кезінде пайдаланылатын апаттық және негізгі шығатын есіктерді ашуға; - борттық апаттық-құтқару жабдықтарын қолдануға; - авиациялық оқиғадан кейін дербес өмір жағдайларына қамтамасыз етуін ұйымдастыруға.</p>	<p>БҚ 7 БҚ 8 БҚ 9 КҚ 3.2.3 КҚ 3.2.6 КҚ 3.3.6 КҚ 3.6.4</p>
<p>АП 09</p>	<p><b>Ұшу қауіпсіздігі</b> Ұшу қауіпсіздік саласындағы нормативтік құжаттардың негізгі талаптары. Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін негізгі факторлар. Әуе кемесінің экипажы және ұшу қауіпсіздігі. Әуе қозғалысына қызмет көрсету және ұшу қауіпсіздігі. Техникалық қызмет көрсету және ұшу қауіпсіздігі. Сыртқы орта және ұшу қауіпсіздігі. Қамтамасыз ету жүйесі және ұшу қауіпсіздігі. Әлеуметтік жағдайлар және ұшу қауіпсіздігі. Соңғы 3 жылдың және қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасы азаматтық ұшу қауіпсіздік жағдайын талдауды үйрену. Азаматтық ӘК-мен ұшу</p>	<p><b>Білімдер:</b> - ұшу қауіпсіздігін анықтау және және негізгі түсініктері; - авиациялық оқиғаны болдырмаудың негізгі шаралары; - әуе кемелерін пайдаланудағы шектеулерін; - ұшу қауіпсіздігі бойынша нормативтік құжаттарды; <b>Іскерліктер:</b> - ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге құжаттармен жұмыс істеу ; - авиациялық оқиғаны болдырмауға, шараларды өңдеудің жалпы принциптерін меңгеруін; - ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге құжаттар мен</p>	<p>БҚ 7 БҚ 8 БҚ 9 КҚ 3.1.1- КҚ 3.1.6 КҚ 3.2.1- КҚ 3.2.6 КҚ 3.3.6 КҚ 3.4.5</p>



	қауіпсіздік деңгейі мен сенімділігінің сандық көрсеткіші. Авиациялық оқиғалардың міндеттері мен себептерін үйрену.	материалдарды пайдалану;	КҚ 3.5.4 КҚ 3.6.4
АП 10	<p><b>Арнайы сұйықтықтар және авиациялық жанар-жағар май материалдары</b></p> <p>Отынның жалпы сипаттамасы. Авиакөзғалтқышқа арналған отын. Газды тасымалдау агрегатына арналған отын. Арнайы сұйықтықтар мен майлар. Майдың өндірісі. Синтетикалық майлау материалдары. Трансмиссиялық және аспаптық майлар. Консистенттік және қатты майлаулар. Гидрожүйелерге арналған сұйықтықтар. Жуатын сұйықтықтар. Жанар жағармай материалдарын бақылау сапасы.</p>	<p><b>Білімдер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- авиациялық жанар жағармай материалдарын заманауи пайдалану қасиеттерін;</li> <li>- қолдану технологиясын;</li> <li>- әуе кемелеріне отын құю кезіндегі қауіпсіздік техникалары бойынша негізгі талаптар;</li> <li>- жанар жағармай материалдарын және арнайы сұйықтықтарды қолдану және сақтауда, тасымалдауға қатысты нормативтік құжаттардың негізгі талаптарын;</li> </ul> <p><b>Іскерліктер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- физика-химиялық құбылыстары туралы алған білімдер кешенін қолдану;</li> <li>- әуе кемелерін пайдалану және таңдау кезінде алған білімдерін қолдануға.</li> </ul>	<p>БҚ 7 БҚ 8 БҚ 9 БҚ 10 КҚ 3.3.2 КҚ 3.4.3 КҚ 3.5.1 КҚ 3.7.1 КҚ 3.7.2 КҚ 3.8.1 КҚ 3.8.2 КҚ 3.9.2 КҚ 3.10.3</p>
АП 11	<p><b>Авиациялық метеорология</b></p> <p>Авиациялық метеорология, оның тапсырмалары. Халықаралық авиациялық метеорологиялық кодтар: WINTEM, SIGMET, AIRMET, GAMET, SNOWTAM. Өртүрлі қауіпті атмосферлік құбылыс кезіндегі ұшу жағдайлары. Ауа райы құбылысына байланысты авиациялық оқиғалар мен қақтығыстарды талдау. Азататық авиацияда</p>	<p><b>Білімдер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- авиациялық метеорологиялық теориясын, негізгі метеорологиялық элементтерді, табиғат құбылысын.</li> <li>- код түрінде берілген метеорологиялық ақпаратты қолдануды.</li> <li>- авиацияға қауіпті ауа райы құбылысын, кіші биіктіктердегі ұшу ерекшелігін, жергілікті ауа райы белгілерін, орта және жоғарғы тропосферадағы ұшу ерекшелігін;</li> </ul> <p><b>Іскерліктер:</b></p>	<p>БҚ 7 БҚ 8 БҚ 9 БҚ 10 КҚ 3.1.3 КҚ 3.2.3 КҚ 3.2.4 КҚ 3.2.5</p>

